

"Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажетті материалдар мен заттарға қойылатын нормативтерді және талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1524 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 62 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 657 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.08.2015 № 657 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажетті материалдар мен заттарға қойылатын нормативтерді және талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1524 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 12, 154-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажетті материалдар мен заттарға қойылатын нормативтерде және талаптарда:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Егер мұнайдың төгілген мөлшері оқиға болған жердегі абсорбенттердің мүмкіндігінен асып түссе, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған әр теңіз құрылысы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес кең диапазонды диспергенттермен, сондай-ақ мұнайды уақытша сақтау қоймасына жинауға мүмкіндік беретін мұнай жинауға арналған материалдармен, тасымалдау және қауіпсіз жерде жағу үшін пластикалық қапшықтармен немесе герметикалық контейнерлермен (астаулармен) жабдықталады. ».

10-тармақтың 5), 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) 1 және 2-деңгейлі төгілулерді жою үшін жеткілікті, сондай-ақ өзінің және жағалық ден қою базасынан қосымша күштер мен құралдар келгенге дейін 3-деңгейлі мұнай төгілуін оқшаулауды қамтамасыз ететін материалдардың, заттар мен жабдықтардың отыз минуттық қол жетімділік шегінде болуы;

6) 1 және 2-деңгейлі мұнай төгілулерін жою үшін жақын жердегі ден қою базасында орналасқан материалдар мен заттарды жабық құрғақ үй-жайда сақтау.

»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК